

Ермекбаева Б.Ж.,
Мұхаділ Ж.Е.

Салық ауыртпалығының әлемдік модельдерінің ерекшеліктері

Жұмыста әлемдік тәжірибеде салық ауыртпалығының деңгейіне байланысты бөлінетін төрт негізгі модельдер қарастырылған: англосаксондық, континентальдық, латынамерикандық және аралас. Әр мемлекет өзінің географиялық және экономикалық ерекшеліктеріне қарай өзіне ыңғайлы болып табылатын модельді пайдаланады. 2015 жылы әлемде салық ауыртпалығының орташа деңгейі 33-34% көрсеткішті берген. Әр модельдегі тура және жанама салықтардың ерекшеліктері талданған. Бұл көрсеткіштерге қарай әр мемлекет өзінің салық жүйесін қалыптастыруға тырысады. Әлемде идеалды салық жүйесі жоқ екенін және де салық жүйесі тек өзінің алдына қойған мақсаттарын қанағаттандыруға ұмтылатындығын ескерген жөн. Мемлекеттердегі туындаған мәселелерге байланысты жүзеге асыратын фискалды саясаттары да әр түрлі болып келеді, сонымен қатар өздерінің көздеген мақсаттарын жеткілікті деңгейде орындай алады.

Түйін сөздер: салық ауыртпалығы, салық жүйесі, салық ауыртпалығының модельдері, тура салықтар, жанама салықтар.

Ermekbayeva B.Zh.,
Mukhadil Zh.E.

Features of world models of tax burden

The paper considers four main models of tax burden which are now used on world practice: Anglo-Saxon, continental, Latin American and mixed. Each model is used by the different countries of the world on the geographical and economic features. In 2015 the average level of tax burden has shown 33-34% worldwide. Features of direct and indirect taxes of each model are analyzed. Proceeding from these indicators, each country forms their tax system. It is important to note that there is no ideal tax system, and it is possible to talk only about how this or that of them approaches satisfaction of the requirements facing it. Owing to different problems, the approaches to the organization of fiscal policy operating in the different countries not only very differ among themselves, but also rather conditionally realize the principles underlain in them.

Key words: tax burden, tax system, models of tax burden, direct taxes, indirect taxes.

Ермекбаева Б.Ж.,
Мухадил Ж.Е.

Особенности мировых моделей налоговой нагрузки

В работе рассмотрены четыре основные модели налоговой нагрузки, которые сейчас используются в мировой практике: англосаксонская, континентальная, латиноамериканская и смешанная. Каждую модель используют разные страны мира по своей географической и экономической особенности. В 2015 году средний уровень налоговой нагрузки по всему миру показал 33-34%. Проанализированы особенности прямых и косвенных налогов каждой модели. Исходя из этих показателей, каждая страна формирует свою налоговую систему. Важно отметить, что идеальной налоговой системы нет, и можно вести речь лишь о том, как та или иная из них приближается к удовлетворению стоящих перед ней требований. В силу различного рода проблем действующие в разных странах подходы к организации фискальной политики не только весьма разнятся между собой, но и достаточно условно реализуют заложенные в них принципы.

Ключевые слова: налоговая нагрузка, налоговая система, модели налоговой нагрузки, прямые налоги, косвенные налоги.

**САЛЫҚ
АУЫРТПАЛЫҒЫНЫҢ
ӘЛЕМДІК
МОДЕЛЬДЕРІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Кіріспе.

Әр мемлекеттің өзіне тән салық жүйесі болғандықтан, басқа мемлекеттермен салыстырғанда бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Елдің экономикалық дамуында салық салу жүйесінің тигізер әсері үлкен. Салықтар мемлекеттік реттеудің басты құралдарының бірі екені баршаға мәлім. Қаржылық қатынастардың ішіндегі негізгі реттеу құралы – салықтардың реттеу қызметі қазіргі жаһандану заманында және инновациялық даму кезеңінде үлкен маңызға ие.

Салық жүйесінің маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерінің бірі болып экономикаға түсетін салық ауыртпалығы табылады. Салық ауыртпалығы дегеніміз – қоғам өміріндегі салықтардың рөлін сипаттайтын көрсеткіш және ол барлық салықтық түсімдердің жалпы ішкі өнімге қатынасы арқылы анықталады. Әлемдік тәжірибеде салық төлеушіге келетін салық ауыртпалығының тиімді деңгейі оның табысының 30-40%-нан аспауы тиіс деп қарастырылады. Салық төлеушілерге шектен тыс түскен салық ауыртпалығы оның қаржылық жағдайын нашарлатып, стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға кедергі келтіріп, кей жағдайда көлеңкелі экономикаға итермелеуі мүмкін. Ал салық ауыртпалығы салық төлеушіге аз түскен жағдайда, яғни 20%-дан аз болатын болса, онда мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігі азайып, мемлекет өзінің функциясын жүзеге асыруына тосқауыл болады. Сонымен қатар бюджеттің салықтық түсімдері арқылы іске асырылатын әлеуметтік бағдарламаларға да өз әсерін тигізіп, мемлекеттің халықты әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі төмендейді. [1]

Эксперименттік бөлігі.

Қазіргі уақытта әлемдік экономикада салық ауыртпалығының деңгейіне байланысты ерекшеленетін салық жүйесінің төрт моделін бөліп қарастыруға болады: англосаксондық, континентальдық, латынамерикандық және аралас. Әр модельде ортақ белгілеріне қарай бірнеше мемлекеттер топтастырылған [2].

Англосаксондық модель: салық ауыртпалығы азаматтарға түседі

Салық жүйесінің бұл моделі тура салық салуға бағытталған, ал салық ауыртпалығының негізгі бөлігі жеке тұлғаларға түседі. Мемлекеттік бюджет табысының басты көзін табысқа

салынатын салық құрайды. Табысқа салынатын салықтың әр мемлекеттегі бюджеттің кіріс бөлігінде алатын үлесін төменнен көруге болады:

- 64% – Ұлыбританияда.
- 60% – Австралияда;
- 44% – АҚШ-та;
- 40% – Канадада;

Бұл модельге мүше мемлекеттердің бірі Ұлыбритания. Ұлыбританияның салық жүйесіне елеулі өзгерістер 1973 жылы реформа нәтижесінде енгізілген болатын. Дәлірек айтатын болсақ, елдегі салық ауыртпалығының деңгейін төмендету мақсатында жеке табыс салығы 27-ден 20%-ға дейін төмендеп, халық табысын көпсатыға бөлу мен оларға қолданылатын прогрессивті ставка (бұрын 20, 24 және 40% көлемінде табысқа салық салынған) жойылып, ерлі-зайыптылар табысына жеке салық салына бастады. Салықтық түсімдер мемлекеттік бюджеттің 90%-н қамтамасыз етеді, ал табыс салығы мемлекеттік бюджеттің 64% бөлігіне дейін алады.

Англосаксондық модельге жататын елдерде табыс табатын халықтың бәрі жеке табыс салығын төлейді. Заңға сәйкес салық төлеушілер резиденттер мен бейрезиденттер болып бөлінеді. Резиденттердің табысы оны алу көзіне байланыссыз салық салуға жатады. Бейрезиденттер тек ел аумағында тапқан табысынан салық төлейді. Ал корпоративтік табыс салығы заңмен көзделген шегерімдер алынған соң қалған табыстан алынады. Елдегі корпоративтік табыс салығы ставкасы 33% құрайды, ал шағын бизнес кәсіпорындары үшін 24%. Кәсіпкерлер әр тоқсан сайын декларация толтырады.

Қосылған құн салығының үш ставкасы бар: 0, 8 және 17,5%. Нөлдік ставка 17 түрлі топтағы тауарларға қолданылады: азық-түлік тауарлары, канализация мен сумен жабдықтау, зағиптарға арналған жәрдемақылар мен кітаптар, жанармай мен жылыту жүйелері, көлік құралдары, халықаралық қызметтер, киім мен аяқ киім, қайырымдылық шаралары. Ал 8%-дық ставка коммуналдық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мен 17,5% басқа тауарлар мен қызмет түрлерінің барлығына қолданылады. [3]

Бұл елдерде 2015 жылы барлық салық төлеушілер категориялары бойынша салық ауыртпалығының орташа көлемі 30,5% құрады.

Континентальдық модель: жанама салықтардың басымдығы

Салық салудың континентальды жүйесіне жататын елдерде әлеуметтік сақтандыруға аударымдардың үлесі жоғары екенін атап өту керек. Тура салықтарға қарағанда жанама салықтар

саны басымырақ. Бюджетті қаржыландыруда алғаш Францияда енгізілген қосылған құн салығы басым рөл алады. Мұнда қосылған құн салығынан түскен түсім бюджет кірісінің 50%-дан аса бөлігін құрайды. нидерланды, Австрия, Бельгияда да осындай жағдай орын алу үстінде.

Континентальдық модельдің ерекшеліктерінің бірі – әлеуметтік сақтандыруға аударымның жоғары болуы, олар салыққа тән белгілерге ие болғандықтан, кей елдерде оны салықтық төлемдер қатарына жатқызады. Сонымен қатар мемлекеттің халыққа әлеуметтік көмек көрсету деңгейі жоғары екендігін ескерген дұрыс.

Тура салықтар бюджет кірісінің маңызды бөлігін құрағанымен, олардың үлесі жанама салықтарға қарағанда біршама төмен. Мысалы, Германияда әлеуметтік аударымдар барлық бюджет кірісінің 45%-дан аса бөлігіне ие және бұл көрсеткіш 1988 жылдан бері өзгермеген. Ал тауарлар мен қызметтерге жанама салықтар үлесі 22% құрайды. Мұндай үлестер нидерланды, Франция, Австрия, Бельгия мен басқа да мемлекеттерде көрініс тапқан.

Ал Францияда жанама салықтар бюджеттің 60%-н құрайды. Қосылған құн салықтың бір бөлігі орталық бюджетке, қалған бөлігі жергілікті бюджетке құйылады. Салық базасы болып сатып алушы тауарды жеткізушіге төлеуге тиісті сома алынады. Қосылған құн салығының төрт ставкасы бар: нормалды, қысқартылған, аралық және жоғарылатылған. Қосылған құн салығы ай сайын декларация тапсырғанда төленеді. [4]

Бұл елдердегі 2015 жылғы салық ауыртпалығы деңгейі 42,2% мөлшерін көрсеткен (бұл көрсеткіш скандинавия елдерінің ірі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жинайтын салықтары әсерінен жоғары болып келеді).

Латынамерикандық модель: инфляция жағдайында тепе-теңдікке ұмтылу

Латынамерикандық модельге кіретін елдерде үш деңгейлі салық бар: ұлттық салықтар, жергілікті салықтар және департамент деңгейіндегі салықтар. Жалпымемлекеттік (ұлттық) салықтарға негізгілері қосылған құн салығы, жеке тұлғалар табысына салынатын салық, компания пайдасына салынатын салық, мұнай-газ саласына салынатын тура салықтар мен кеден баждары болып келетін 11 түрлі салық жатады. Жергілікті салықтарға екі салық кіреді – жылжымайтын мүлік пен көлік құралдарына салынатын салық.

Қосылған құн салықтың базалық ставкасы 13%. Қосылған құн салығы қаржы және сақтандыру саласы, шетел туристеріне қонақ

үй қызметі және басқа біраз қызмет түрлеріне салынбайды. Компания пайдасына салынатын салықтың базалық ставкасы – 25%. Жалпы мемлекеттік жанама салыққа тұтынуға салынатын салық кіреді, ол темекі, табак өнімдері, автомобиль, мотоцикл, қайық, катер мен яхта, бутылкадағы барлық сусындар (минералды су, алкоголь сусындары, пиводан басқа) сатылымы мен ипортына салынады.

Латынамерикандық модельге жататын елдер елеулі инфляция үдерісімен ерекшеленеді, сондықтан үкімет инфляциядан мемлекеттік кірістерді қорғау үшін тура және жанама салықтар арақатынасын әрдайым реттеп отыруға тырысады. Ең бірінші кезекте жоғары инфляция деңгейіне бейімделгіш бюджетке түсетін жанама салықтар реттеледі, ал тура салықтар болса мемлекетті нақты қадамдар жасау арқылы өз қызметін атқаруға итермелейді. Мысалы, соңғы жылдары жанама салықтар бюджеттік түсімнің Чилиде 46%, Перуде 42% және Боливияда 49% бөлігін құраған. [5]

Латынамерикандық модельге жататын елдердегі орташа салық ауыртпалығы 2015 жылы 29,3% көрсеткішті берген.

Аралас модель: бюджет кірістерін манипуляциялау

Аралас модель алғашқы үш модельдің қосынды гибриді болып табылады. Бұл модельді қолданатын елдер бюджеттің кіріс бөлігінің құрылымын өзгерту арқылы салықтың жеке түрі мен топтарына бюджеттің тәуелділігін төмендетуге ұмтылады. Аталмыш модель бюджеттің кіріс бөлігінің құрылымын жиі әртарапандыратын, салықтық және салықтық емес көздерді белсенді түрде манипуляциялайтын және ауыртпалықты бір салық төлеушіден басқа салық төлеушіге арттырып қоятын елдерге тән. Мұндай елдер қатарына АҚШ, Аргентина, Италия және Ресейді жатқызуға болады.

Бұл мемлекеттердегі салық ауыртпалығы 2015 жылы орташа деңгейде 33,8% құраған.

Ресейдің шоғарландырылған бюджетінде тура салықтар 42%, оның ішінде 14%-ы жеке тұлғалар табысынан алынатын салық, жанама салықтар 42% (қосылған құн салығы – 30%, акциз – 12%) құрайды. [6]

Нәтижелері мен талқылаулар.

Жоғарыда келтірілген модельдерге қарап, салық ауыртпалығы континентальдық модельге жататын елдерде, әсіресе скандинавия елдерінде, жоғары екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Ал жалпы әлем бойынша салық ауыртпалығының деңгейін 33-34% көрсеткішке ие болып келеді.

Салық жүйелерінде экономикаға түсетін салық ауыртпалығы көрсеткішін анықтаған кезде, мұндай талдау жасағанда ескерілетін негізгі екі жағдайды қарастырған жөн.

Біріншіден, салықтық түсімнің көп бөлігі сыртқы сауда бағасының конъюктурасына тікелей байланысты болып келетін елдер үшін, сол конъюктураның өзгерісіне негізделген салықтық түсімдерді бөліп қарастыру дұрыс болады. Осыған байланысты салық ауыртпалығының конъюктуралық және құрылымдық құраушыларын ажыра білу керек.

Салықтық түсімдердің конъюктуралық компоненті елден экспортталатын тауарлар сатылымға түсетін әлемдік нарық конъюктурасының тербелісіне ғана негізделген. Ал салық ауыртпалығының құрылымдық компоненті, өз кезегінде, сыртқы экономикалық конъюктurada орташа есеппен бірнеше жыл ішінде қалыптасатын ауыртпалық және экономиканың нақты секторына түсетін салық ауыртпалығы деңгейін сипаттайды.

Екіншіден, мемлекеттегі бюджет жүйесінің салықтық түсімдері мен оның басқа көрсеткіштермен (өнім өткізуден түскен ақша, қосылған құн, жалпы ішкі өнім көлемі) арақатынасы салық ауыртпалығын сипаттайтын жалғыз көрсеткіштер болып табылмайды. Басқа шетел мемлекеттерінде, сонымен қатар, салық салудан босатуларды да есепке алады. [7]

Қорытынды.

Қорытындылай келе, идеалды салық жүйесінің жоқ екендігін және әр салық жүйесі алдына қойған мақсаттар мен талаптарды қанағаттандыруға тырысатындығын ұмытпаған жөн. Әр мемлекет өз мүддесін көздей отырып, өзіне тән ерекшеліктерге қарай мемлекет пен халыққа пайдасын алып келетін салық жүйесін таңдауға ұмтылады.

Әдебиеттер

- 1 Шальнева М.С. Налоговая нагрузка: способы ее определения и возможности оптимизации // Международный бухгалтерский учет. – 2011. – №44. – 52-59 б.
- 2 Александров И.М. Налоги и налогообложение. – М: Дашков и Ко, 2010. – 107 б.
- 3 Князева В.Г., Черника Д.Г. Налоговые системы зарубежных стран. – М: Закон и право, 2012. – 221 б.

- 4 Князева В.Г., Черника Д.Г. Налоговые системы зарубежных стран. – М: Закон и право, 2012. – 223 б.
- 5 Косолапов А.И. Налоги и налогообложение. – М: Дашков и Ко, 2008. – 156 б.
- 6 Князева В.Г., Черника Д.Г. Налоговые системы зарубежных стран. – М: Закон и право, 2012. – 212 б.
- 7 Ромасева Д.В. Сравнение налоговой нагрузки в России с развитыми странами Европы и США. VII Международная студенческая электронная научная конференция – «Студенческий научный форум» – 2015. // электронный ресурс: <http://www.scienceforum.ru/2015/> (дата обращения к ресурсу: 28.04.2016 г.)

References

- 1 Shalneva M.S. Nalogovaya nagruzka: sposoby ee opredeleniya i vozmozhnosti optimizacii // Mezhdunarodnyi bukhgalterskiy uchët. – 2011. – №44. – 52-59 b.
- 2 Aleksandrov I.M. Nalogi i nalogooblozhenie. – М: Dashkov i Ko, 2010. – 107 b.
- 3 Knyazeva V.G., Chernika D.G. Nalogovye sistemy zarubezhnykh stran. – М: Zakon i pravo, 2012. – 221 b.
- 4 Knyazeva V.G., Chernika D.G. Nalogovye sistemy zarubezhnykh stran. – М: Zakon i pravo, 2012. – 223 b.
- 5 Kosolapov A.I. Nalogi i nalogooblozhenie. М: Dashkov i Ko, 2008. – 156 b.
- 6 Knyazeva V.G., Chernika D.G. Nalogovye sistemy zarubezhnykh stran. – М: Zakon i pravo, 2012. – 212 b.
- 7 Romaseva D.V. Sravnenie nalogovoy nagruzki v Rossii s razvitymi stranami Evropy i SShA. VII Mezhdunarodnaya studentcheskaya elektronnaya nauchnaya konferenciya – «Studentcheskiy nauchnyi forum» – 2015. // elektronnyi resurs: <http://www.scienceforum.ru/2015/> (data obrashcheniya k resursu: 28.04.2016 g.)